



ҮШ ҰЛЫ НЕГІЗ




· ИСЛАМ КІТАПХАНАСЫ ·

*Кез-келген адам осы кітапты қайта басып
шығаруына болады, бірақ оны тек тегін тарату
ғана рұқсат етіледі*


Кітаптың орыс тіліндегі түпнұсқасын баспаға дайындаған:
Издательский дом «Сафина»
Қазақ тіліне аударған: "Абу Ханифа мирасы" сайтының
редакциясы

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.	5
Бірінші негіз: Ұлы Жаратушы.	7
Бірінші дәлел: адамның ақыл-санасы	8
Ойлануға үш қадам	12
Екінші дәлел: адамның тума жаратылысы (фитра)	17
Екінші негіз: Әлемдердің Раббысының Жолдауы	21
Аллаһтың елшілері	22
Қасиетті Кітаптар	25
Ислам діні	30
Үшінші негіз: Есеп Күні.	43
Қиямет күні міндетті түрде болатынының дәлелдері	47
Қорытындылар	55
Тұжырым	63



KIPICITE



Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

Бұл жолдау ақыл-парасат иелеріне, ұлы мән-мағынадан жұрдай болған жануар тәрізді өмір сүруден шаршап-тарыққандарға, кейде болса да өзінің опасыз-арсыз күнәларға батқан жан-рухын тазарту және биіктету туралы ой қозғайтындарға, әуес-қалаулар тұтқынынан қашып шыққысы келетіндерге арналған.

Ол ақиқатты тануға деген құлшыныс пен оны қабылдауға деген әзірлік сияқты екі ұлы сипатқа ие болған адамдарға бағытталған. Ол бұрын **өмірдің зерттелмеген жолдарын кезіп,** тас қараңғы түнекте соқыр болып адасып жүрген адамның жолдауы.

Ол - Аллаһ Тағала оны күпірлік қараңғылығынан иман жарығына шығарған адамның, өмірдің шынайы мағынасын түсінген адамның үндеуі.

Бұл еңбек адам санасында жиі пайда болатын "Мен кімін? Қайданмын? Мен не үшін осындамын? Кейін не болмақ?" деген сұрақтарға берілген жауап ғана.

Бұл жерде үш ұлы негіздің қысқаша түсіндірмесі баяндалған, әрі оларды танып қабылдаған адам екі дүние бақытына қол жеткізеді.





БІРІНШІ НЕГІЗ: ҰЛЫ ЖАРАТУШЫ



Өзінің жаратылыстарын басқаратын Ұлы Жалғыз Жаратушының бар екендігі - әрбір адамның жүрегінің терең тұңғиығына салынған және сау ақыл-парасатпен сөзсіз расталатын бұлтартпас ақиқат болып табылады, әрі сондықтан да ол дәлелдерге де мұқтаж емес.

Бірақ көптеген адамдар терең ұйқыға сүңгіп, шынайы болмыстан бейхабар халде өмір сүруде, әрі сондықтан да бұған кейбір дәлелдерді келтіру қажеттілігі туындайды. Ал әрі қарай алға тартылатын сөздер мен дәйектер ойланатын адамның тума дарытылған болмысы мен ақыл-ойын оятуға бағытталған талпыныс ғана.



БІРІНШІ ДӘЛЕЛ: АДАМНЫҢ АҚЫЛЫ

Санасы сау адам бұл дүниедегі барлық нәрсе жоқтан бар болғанын теріске шығара алмайды. Демек, бұл болмыстың себебі болуы керек. Ал бұл - "себеп пен салдар заңы" деп аталатын нәрсе.

Сахара шөлде өмір сүрген және физика заңдарынан бейхабар арабтың бір бәдәуи адамы: "Іздер мына жерден біреудің өткеніне, ал тезек бұл жерде түйе болғанына нұқсайды. Ал мына ұлы алпауыт аспан мен ондағы сансыз жұлдыздар, және мына Жер мен ондағы сансыз жолдар Аса Құдіретті және Аса Дана Жаратушыға нұсқамайды ма?!» - деген екен.

Егер әлдебіреу қарапайым сағат механизімі өзінің тісті доңғалақтарымен және басқа құрамдас бөліктерімен бірге өз-өзінен пайда болды деп айтса, бұндай адамды басқалар ақылдан азған деп санар еді.

Ендеше, жермен көктердің және олардың іші мен сыртындағы бүкіл бар нәрселердің Жаратушысын теріске шығаратын адам туралы не айтуға болмақ?!



Міне, сондықтан да Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда адамның ақылына қаратып, былай деп айтады: **«Әлде олар еш нәрсесіз (өз-өздерімен) жаратылды ма, не өздері жаратушы ма?! Әлде көктер мен жерді жаратқан солар ма? Жоқ, олар әсте сенбейді!»** (Құран, 52:35-36).

Қасиетті Құранның осы аяттарында Аллаһ Тағала адамға үш вариантқа нұсқайды:

Біріншісі — адамның өз-өзімен пайда болуы (**«Әлде олар еш нәрсесіз (өз-өздерімен) жаратылды ма?!»**).

Әрине, дұрыс ойланатын адам: "Бұл мүмкін емес, өйткені болмыста бар әрбір нәрсенің бар болуының себебі де болады", - деп жауап береді.

Екінші вариант — адамның өзі өзін жаратқаны (**«...не өздері жаратушы ма?!»**). Ақылы бар адам тағы да: "Бұл мүмкін емес, өйткені адам жарық дүниеге жоқ болғаннан кейін келеді ғой", - деп жауап береді.

Үшінші, әрі дәл сол ғана жалғыз дұрыс болып табылатын вариант. Ал ол - адамды Аса Құдіретті әрі Дана Жаратушының жаратқандығы.

Алайда Аллаһ адамның қырсықтығын біліп, бұнымен ғана шектеліп қоймайды. Ол адамның назарын оның өзінен де ұлырақ болған жаратылыстарға, яғни оны қоршаған көктер мен жерге бұрады.



Сөйтіп Ол: **«Әлде көктер мен жерді жаратқан солар ма?!»** - деп сұрайды. Әрі ақыл-парасатқа ие кез-келген адамға ұялған күйінде: **«Жоқ»,** - деп айтудан басқа ешнәрсе қалмайды.

Осы дәйектердің барлығынан соң түймедей болса да ақылға ие адамда осы көктер мен жер, күн мен ай, су, жануарлар, өсімдіктер сияқты және басқа да ұлы жаратылыстар, осы таңғажайып үйлесімділікпен қалыптасқан жүйе, әлем құрылысының кемел заңдары әрі адамның өзі де - бұлардың ешқайсысы, атеист-құдайсыздар айтатындай, өз өзімен пайда болуы мүмкін емес екендігіне ешқандай күмән қалмауы керек.

Қасиетті Құранда Аллаһ Тағала Өзінің адамзатқа сыйлаған ұлы нығметтеріне нұсқап, былай деп айтады: **«Ол Аллаһ - көктер мен жерді жаратты, аспаннан жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге ризық болу үшін жемістерді өсіріп шығарды, және сендерге Өзінің әмірімен теңізде жүзетін кемелерді бағындырды, әрі өзендерді де сендерге бағындырды. Ол сендердің пайдаларың үшін өздерінің тұрақты жолымен тоқтамай айналып жүретін күн мен айды бағындырды, әрі сендерге түн мен күнді де бағындырды. Ол сендерге сұраған нәрселеріңнің барлығын берді. Егер сендер Аллаһтың нығметтерін санайтын болсаңдар, ешқашан олардың санына жете алмайсыңдар. Расында, адам баласы өте ынсапсыз (залым) әрі аса шүкірсіз»** (Құран, 14:32-34).





Ойлануға үш қадам

Бірінші қадам: аспанның ұлықтығы

Егер сіз жұлдызды жарық түндердің бірінде сергек болсаңыз, назарыңызды аспанға қаратыңызшы, сонда аспан денелерінің сансыз көптігінен онда бос орын таба алмайсыз.

Аспанның ұлықтығы жайында ойланып көріңізші - ғажайып, сіз оны түйсігіңізбен сезіне алмайтын жылдамдықпен қозғалып жатқан, әрі олардың көбі Жер ғаламшарынан едәуір үлкен болған миллиондаған аспан денелері!... Әрі осы орайда олардың әрбірі өзі үшін белгеленген траекториясымен ғана, бір-бірімен қақтығыспай қозғалуда.

Аса Жоғары Аллаһ Қасиетті Құранда: **«Біз аспанды берік-қорғаулы шатыр етік, алайда олар оның аят-белгілерінен бет бұрады. Ол (Аллаһ) түн мен күндізді, күн мен айды жаратты. Әрқайсысы өз айналма жолымен жүзеді»**, - деді (Құран, 21:32-33).

Ал содан соң назарыңызды тағы да бір рет көктерге қаратыңыз да, осы ақыл жетпес ұлы әлемнің мухитындағы өзіңіздің мөлшеріңіз туралы ойланып көріңізші. Сонда назарыңыз өзіңізге талған және тарыққан күйде оралады, өйткені сіз өзіңізді ұлы көктермен салыстырғанда құртымдай болмашы мардымсыз бөлшек ретінде сезінесіз.



Бұдан қалса, сіз көріп тұрған барлық нәрселердің өздері де - Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың басқа жаратылыстарына қатысты кіп-кішкентай жаратылыс болып табылатын аспанның бір шамалы бөлігі ғана.

Міне, сондықтан да Аллаһ Тағала ойланушы адамдарға қаратып былай дейді: **«Ол (Аллаһ) жеті аспанды қабат-қабат жаратқан. Аса Мейірімдінің жаратуында еш мүлтік көре алмайсың. Қайта көз сал. Ешбір ақау көре аласың ба? Сосын тағы да көзіңді екі қайтарып қара. Назарың саған шаршап, талған күйде оралады»** (Құран, 67:3-4).

Бұл орасан зор көктер - Аса Құдіретті және Дана Жатаратушының бар екендігіне нұсқайтын ұлы аят-белгіден өзге ешнәрсе емес.

Аса Жоғары Аллаһ былай деді: **«Егер олардан: «Көктер мен жерді кім жаратты?» — деп сұрасаң, әрине: «Оларды Өте Үстем, Аса Білуші жаратты», - дейді»** (Құран, 43:9).

Екінші қадам: Жердің ұлықтығы

Егер күндердің бір күнінде сіз өзіңізбен оңаша қалсаңыз, айналаңызға ойлана алатын және көргенінен ғибрат ала алатын адамның көзімен қараңызшы.

Күмәнсіз, сіз осы ғаламшардағы өзіңізді қоршаған нәрселердің барлығы: ауа мен су да, таулар мен құнарлы топырақ та, өсімдіктер мен жануарлар әлемі де - шын мәнісінде, адамның жер бітінде өмір сүруіне қажетті негізгі элементтер болып табылатынын көресіз.



Кейін мынаны ойыңызға салыңызшы: сізді қоршап жатқан нәрселердің барлығы адам баласының игілігі үшін тоқтаусыз жұмыс істеп жатқан мінсіз заңдар мен жүйелердің жиынтығы ғой. Әрі осы орайда олардың барлығы бір-бірімен бірлесіп, біртұтас кемел механизм ретінде жұмыс атқарады.

Әрі осының нәтижесінде ойлана алатын адамда осы таңқаларлық ғажайып жаратылыстарды, заңдарды және жүйелерді жарату адамның күш-қабілетінен салыстыруға келмейтіндей жоғары екеніне ешқандай күмән қалмауы керек.

Әрі, демек, бүкіл болмысты жаратқан, оған иелік ететін әрі басқаратын Аса Құдіретті және Дана Жаратушы бар екеніне мығым сенімнен басқа ешнәрсе қалмауы керек.

Аллаһ Тағала Құранда біздің зейінімізді Өзіне, яғни Аса Құдіретті және ерекше Рахымды Жаратушыға айқын нұсқайтын ұлы аят-белгілерге қайта-қайта қаратады. Мысалы, Құранда былай деп айтылады: **"Ол (Аллаһ) сендерге көктен жаңбыр жаудырады. Ол - сендер үшін сусын, және сол арқылы малдарыңды жаятын өсімдіктер өсіп шығады.**

Ол сендерге су арқылы егін, зәйтүн, құрма ағаштарын, жүзімдер және бүкіл өсімдіктерді өсіреді. Расында, осыда түсінетін қауым үшін аят-белгілер бар.

Ол сендер үшін түн мен күндізді, күн мен айды бағындырды. Жұлдыздар да Оның әміріне бағынышты. Расында, осыда ойланған қауым үшін аят-белгілер бар.

Ол сендер үшін жер бетінде түрлі түстерді жаратты. Расында, осыда үгіт алатын қауым үшін аят-белгілер бар.

Ол (Аллаһ) жас ет жеулерің үшін және киініп, тағынатын сәндік бұйымдар шығаруларың үшін теңізді бағындырды. Сендер Аллаһтан ризық іздеулерің үшін, кемеңіз суды жарып бара жатқанын көресің. Әрине, шүкірлік етерсіңдер.

Ол (Аллаһ) жердің сендермен бірге теңселмеуі үшін, жер бетінде асқар тауларды орналастырды, әрі сендер жөн тауып жүрулерің үшін, өзендер мен жолдарды жаратты.

Олар жол тауып жүретін белгілер және жұлдыздар (жаратты).

Жаратушы біреу жарата алмайтын біреумен тең бе? Енді де түсінбейсіңдер ме?

Аллаһтың нығметтерін санайтын болсаңдар, санына жете алмайсыңдар. Рас, Аллаһ өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді" (Құран, 16:10-18).

Үшінші қадам: адамның құрылысы

Сіз көктер мен жердің ұлықтығы жайында ойланып болғаныздан соң, оралыңыз да, өз-өзіңізе сыртан назар салыңыз. Сонда сіз адам құрылысының таң қаларлығы сіз осыдан алдын ой қозғаған нәрселерден кем емес екеніне көз жеткізесіз.

"Адам" деп аталатын бұл кемел жаратылыс бір-бірімен тығыз байланысты әрі біртұтас жинақы ағзаға жинақталған көптеген мүшелер мен жүйелерден құралған.


Ойланыңызшы... Бас миі, тері, қан, жүйке, лимфа, иммундық, эндокрин, тыныс, ас қорыту, жыныс, тіреу-қозғалу сияқты т.б. бірқатар анатомиялық-физиологиялық жүйелер.

Егер сіз тек түйсік мүшелерінің біреуі туралы ғана ой қозғар болсаңыз, осының өзі сізді толық таңарқатады. Аса Жоғары Аллаһ былай дейді: **«Айт: Ол — сендерді жаратқан және сендерге есту, көру және жүрек жасап берген (Аллаһ). Нендей аз шүкіршілік етесіңдер!»** (Құран, 67:23).

«Әл-Муьминун» сүресінде Аллаһ Тағала алғашқы адамды жаратқанын былай деп сипаттаған: **«Расында, адамды нағыз балшықтан жараттық».**

Содан кейін Аллаһ адам ұрпағын қалай жаратқанын былай деп сипаттайды: **«Содан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық. Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық. Ұйыған қанды кесек ет жасап, кесек етті сүйек жасадық та, сүйектерге ет қаптадық. Содан кейін оны басқа бір жаратылыс етіп, жан салдық. Жаратушылардың ең шебері Аллаһ Пәк әрі Аса Жоғары!»** (Құран, 23:12-14).

Әрі бұл - Аса Құдіретті әрі Дана Жаратушыға айқын түрде нұсқайтын ұлы аят-белгілердің біреуі ғана.



ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ: АДАМНЫҢ ТУМА ЖАРАТЫЛЫСЫ (ФИТРА)

Өзінің жаратылыстарына иелік ететін әрі оларды басқаратын Ұлы Жалғыз Жаратушының бар екендігі - адамның ақылы ғана емес, "фитра" деп аталатын нәрсе де растайтын бұлтартпас ақиқат екенін атап кеткен жөн.

Фитра — бұл Аллаһ Тағала әрбір адамның бойына тума дарытқан сипат.

Қасиетті Құранда Аллаһ Тағала бұл туралы былай деп айтады: **«Ханиф (бірқұдайшыл болған) күйінде жүзіңді Исламға бұр. Аллаһ адам баласын сонымен жаратқан тума дарытылған сипат осы. Аллаһтың жаратылысында өзгеріс болмайды. Бірақ адамдардың көбі бұны білмейді»** (Құран, 30:30).

Сөйтіп, бұл сипат - адамның өз Жаратушысына ғибадат жасауға және мойынсұнуға деген ұмтылысы, ал шын мәнінде Ислам деген, міне, осы.

Егер біз адамзат тарихына қарайтын болсақ, адам баласының қай заманда болса да ғибадат объектісін табуға ұмтылып, белгілі бір нәрсеге құлшылық ететінін көреміз. Осылайша адам баласының бойында оны үнемі Аса Жоғары Раббысына мойынсұнуға шақыратын тума дарытылған сипаты көрініс табады.

Алайда құлшылық объектісін таңдаудағы қателік, немесе құлшылықтан мүлде бас тарту адамның тума дарытылған осы тап-таза табиғи болмысының ол өзі өсіп-өнетін және тәрбиелетін ортадан бойына сіңдіріп алатын қате наным-сенімдер мен стереотиптердің бүркенішімен қапталып кеткендігі себепті орын алады.

Өйткені егер адамға жаңа туылған сәби кезінен бастап лас нәрсені таза деп, қараны ақ деп қайта-қайта айтып, бойына сіңдіре берсе, көпке ұзамай-ақ оның өзі де бұны "бұлтартпас ақиқат дәл осы" деп табанды түрде айтатын болады.

Осындай құбылыс тұтас ұрпақпен де орын алуы мүмкін, әсіресе егер шынайы білім жоғалып кеткен немесе адамдардан жасырылған болса.

Міне, сондықтан да діндар адамдардың көптеген ұрпақтары Жаратушының бар екендігін табанды түрде жоққа шығаратын аса ыждағатты атеист-құдайсыздарға айналып кетті.

Бұның айқын мысалы ретінде бұрынғы кеңестік республикалар аумағында өмір сүріп жатқан адамдардың көбін келтіруге болады — олар ғасырға жуық уақыт бойы саналарын уландырған жалған коммунистік пропаганданың әсерінен осы күнге дейін өздеріне келе алмауда. "Мақсатымыз - коммунизм", "Құдай жоқ, ал тіршілік - бұл материя" сияқты негізсіз әрі өтірік ұрандардармен тәрбиеленген адамдар өзгеше ой құруға қауқарсыз болып қалды, әрі тек күнделікті материалдық қажеттіліктер жайында қам жеп жүруде. Олар мәңгіліктен теріс бұрылып, Жаратушыға нұсқайтын айқын аят-белгілерді көрмей, соқыр түрде адасып жүруде.

Бірақ, адам мен оның тума дарытылған сипаты (фитрасы) арасында көптеген бөгеттердің болуына қарамастан, кісі шығар жер таппайтын тығыршыққа таялып, оған ешкім көмектесе алмайтын халге түсіп, қатты күйзеліске ұшырайтын сәттерде, оның жүрегін бүркеген перде ашылып, ол өзі соны байқамай еріксіз Раббысына тағзым және үмітпен дұға етіп жалбарынып, Оған қарай ұмтылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғанды Аллаһ Тағаланың Өз пенделерінің күйзелісті жағдайдағы қал-ахуалдарын сүреттеп, былай деп айтқан сөздері растайды: **«Ал қашан адам баласына бір зиян жетсе, ол жатса да, отырса да, немесе түрегеп тұрса да, Бізге жалбарынады. Алайда қашан одан зиянды айықтырсақ, тіпті оған тиген зиянды айықтыру үшін бізге жалбарынбағандай-ақ бұрылып кете береді. Осылайша шектен шығушыларға істеген істері көркем көрсетілді»** (Құран, 10:12).

Әрі Ол былай деп айтады: **«Сендер теңізде бір қиыншылыққа душар болған сәтте, Аллаһтан басқа сиынғандарың жоқ болады. Ал енді Ол сендерді құтқарып, құрлыққа шығарса, теріс бұрыласыңдар. Расында, адам баласы тым шүкірсіз»** (Құран, 17:67).



Сөйтіп, үмітісіздік пен түңілу басқан сәтте Аса Жоғары Раббыға ұмтылу - бұл фитраның, яғни әрбір адамның бойына тума дарытылған сипаттың көрініс табуынан басқа ешнәрсе емес.

Осы жерде сондай-ақ кез-келген ақыл иесінің өз тағдырына өзі толық билік ете алмайтынын әрі оның еркінен едәуір жоғары ерік бар екенін түсінетінін де келтіруге болады. Өйткені егер басқаша болған жағдайда, онда ол нені қаласа және неге ұмтылса, сол орын алуы керек еді ғой.

Әрі осы адамның еркінен жоғары тұратын ерік Өзінің жаратылыстарының тағдырларына аса дана түрде билік етететін Аса Жоғары Раббының Еркінен өзге ешнәрсе емес.

Бұл жайында Қасиетті Құранда былай деп айтылған: **«Бірақ мұны әлемдердің Раббысы Аллаһ қаламайынша, сендер қаламайсыңдар»** (Құран, 81:29).

Қорытындылай келе, біз Аса Құдіретті, Аса Дана, Аса Қамқор, Аса Мейірімді Жалғыз Жаратушының бар екендігіне нұсқайтын бұлтартпас дәлелдердің тек кейбірін ғана келтіргенімізді айта кеткен жөн. Оларды тек бұлтсыз тал түсте аулада тұрып, бүгін шуақты күн екеніне күмәнданатын адам ғана мойындамауы мүмкін.

Аллаһ Тағала былай деп айтады: **«Біз оларға мұның ақиқат екендігі айқын болғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі аят-белгілерімізді көрсетеміз. Расында, Раббыңның әр нәрсеге куә екендігі саған жеткілікті емес пе?!»** (Құран, 41:53).



**ЕКІНШІ НЕГІЗ:
ӘЛЕМДЕРДІҢ
РАББЫСЫНЫҢ
ЖОЛДАУЫ**



Егер адам өміріне қарайтын болсақ, ол үнемі бақытқа және жан тыныштығына қол жеткізудің себептерін іздейтінін байқаймыз.

Әрі ол өз нәпсісін материалдық игіліктермен қанағаттыру арқылы бақытқа қол жеткізуге қаншама талпынса да, бәрібір іштей жайсыздық сезіне береді. Оның кезектегі мақсатты жүзеге асырғандығы себепті сезінген қуанышы бірнеше күнге ғана жетеді, ал содан соң оны тағы да рухани күйзеліс сезімі қажі бастайды да, ол жаңа арман-үміттерден жұбаныш іздеуге мәжбүр болады.

Тіпті материалдық тұрғыдан дамыған елдердің тұрғындарының арасында көптеген адамдар түрлі рухани жабырқаушылықтарға ұшырайтыны соншалықты, олар өзі өзін өлтіруге дейін барып жатады, әрі бұл ресми деректер тарапынан расталып жатқаны ешкімге сыр емес.

Бұл таң қаларлық жағдай емес, өйткені адам - бұл тек дене, әуес-шақуаттар мен жануарлық инстинкттер емес, бірақ бұған қоса - жүрек те, рух та және жоғары адамгершілік құндылықтар да. Әрі адамның ағзасы тіршілік ету үшін тамаққа мұқтаж болатыны сияқты, оның жан-рухы да тура сол сияқты өмір сүру үшін дінге мұқтаж.

Жоғарыда аталып кеткен нәрселер адамға жеке тұлға ретіндегі тән қасиет болып табылады. Алайда егер адам қоғамына тұтас қарайтын болсаңыз, онда олардың арасында күштілер тек өздерінің жеке мүдделері үшін ғана қам жеп, әлсіздерді аяусыз жалмап жеп жатқан "джунгли заңдары" билеп жатқанын көресіз.

Бұндай жағдай адамдардың бүкіл болмысты жаратқан, әрі осы орайда ешкімге және ешнәрсеге мұқтаж болмаған, Өзінің жаратылыстарына олардың аналарынан да мейірімді болған аса Мейірімді, ерекше Қамқор Аллаһ Тағаланың заңдарына оралғандарына дейін жалғаса бермек.

Өйткені Аса Жоғары Раббы дүние мен ондағы жаратылыстар оларсыз тіршілік ете алмайтын Өзінің кемел заңдылықтарын ғана жаратып қоюмен шектелмей, адам қоғамы да, адам жаны да соларсыз сау-сәлемет бола алмайтын толық әділ заңдары бар дінді түсірді.

АЛЛАҒТЫҢ ЕЛШІЛЕРІ

Аллаһ Тағала Өзінің жаратылыстарын үздіксіз түрде сансыз нығметтермен ризықтандырады. Аллаһтың бізге берген ең ұлы нығметтерінің бірі - Оның адамдарды осы өмірде тура жолды табуға өздігінше талпынып, соқыр түрде адасып жүруге тастап қоймай, оларға өздерінің ішінен адамзатқа кемел игілік алып келетін әрі оларды күпірлік пен ырымшылдықтың түнектерінен таза бірқұдайшылық дінінің нұрына шығаратын айқын басшылықпен елшілер жібергені.

Аса Жоғары Аллаһ қасиетті Құранда былай деп айтады: **"Адам баласы бір-ақ үммет еді. Әрі Аллаһ қуандырушы, қорқытушы ретінд пайғамбарлар жіберді, және адамдардың араларындағы талас нәрселерге үкім ету үшін, олармен бірге хақ Кітап түсірді"** (Құран, 2:213).

Қасиетті Құранда Аллаһ Тағала жиырма бес пайғамбардың аттарын атап, олардың арасынан бесеуін таңдап алғанын хабарлайды. Олар — Мухаммад, Ибраһим (Авраам), Муса (Моисей), Иса (Иисус), Нух (Ной).

Аллаһ Тағала бұл туралы былай деді: **«Аллаһ сендер үшін Нухқа нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді сондай-ақ Ибраһимге, Мұсаға және Ғисаға нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол етті: Дінді мықты ұстаныңдаңдар да, оған қатысты бөлінбеңдер. Сенің шақырған нәрсең мүшриктерге ауыр келді. Аллаһ оған (сен шақырған дінге) кімді қаласа, соны сайлайды, әрі Кім Оған жүзін бұрса, соны тура жолға салады»** (Құран, 42:13).

Аллаһ Тағала сондай-ақ адам баласының жер бетінде тіршілік етуінен бастап оларға ақиқатқа шақыратын елші жіберілмеген бірде-бір қауым болмағанын хабарлады.

Құранда бұл туралы былай деп айтылған: **«Сөз жоқ, сені шындықпен қуантушы, қорқытушы етіп жібердік. Негізінде ескертуші жіберілмеген бірде-бір үммет жоқ»** (Құран, 35:24).

Осылайша әрбір мұсылман Құранда аталған барлық пайғамбарларға иман келтіруге міндетті¹.

Аллаһ Тағаланың елшілері деген кімдер?

Олар Аса Жоғары Раббының адамзат ұрпақтарына Құдайлық Уахиді жеткізудің ең құрметті миссиясын орындау үшін, адамдар ішінен таңдап алған Оның ең таза және ең ардақты жаратылыстары.

Аллаһтың елшілері өз Жаратушысына ең көркем үлгіде ғибадат етулерімен және ұлы адамгершілік қасиеттерін танытуларымен өз Раббысының әмірлерін өмірге ең алғаш енгізушілері бола отырып, өздерінің ілесушілеріне өнеге болды.

Бірақ бұған қарамастан, Аллаһ Тағала әлдебір қауымды игілік жолына бағыттап, жамандық жолынан қорғау үшін оларға әлдебір елші жібергенде, көпшілік оны өтірікшілікте айыптап, оған қарсы айлалар құрастырып және оны барынша қорлап, тақаппарлықпен елшіге мойынсұнбады. Сонда Аллаһ Өзінің елшісі арқылы оларға осы елшінің шыншыл екенін дәлелдейтін белгілі бір ұлы аят-белгі (муғжиза) көрсететін, бірақ қауымы сонда да оған иман келтіруден бас тартып, жүгенсіздік пен арсыздықта батқан күнде қала беретін.

¹ Иса пайғамбар келген кезде, оған иман келтіруден бас тартқандар Жаратушы мен Оның Жолдауына кәпір болды. Тура сол сияқты, Мұхаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келгеннен кейін, оған Аса Жоғары Жаратушы Аллаһтың елшісі ретінде иман келтірмеген адам да, Құдайлық Жолдауды қабылдамаған кәпір болып табылады.

Содан соң Аллаһ Тағала иманнан бас тартқан сол қауымды толығымен жойып жіберетін.

Міне, осылайша Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деп айтады: **«Содан кейін елшілерімізді ізбе-із жібере бердік те, әр үммет оларға елші келген сайын оны өтірікші деп атады. Сондықтан оларды, бірінен кейін бірін жойып, аңызға айналдырдық»** (Құран, 23:44).

Әрбір елші белгілі бір халыққа белгілі уақыт кезеңінде жіберілгенін де білген маңызды².

Бірақ Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлардың ең соңғысы болғандықтан, ол Қиямет күнге дейінгі бүкіл адамзатқа жіберілді.

Аса Жоғары Аллаһ Қасиетті Құранда былай дейді: **«Біз сені бүкіл адам баласына қуантушы, қорқытушы етіп қана жібердік. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді»** (Құран, 34:28).

² Аллаһтың пайғамбары Иса (Иисус), оған Аллаһтың сәлемі болсын, Исраил (яғни Яғқуб) ұрпақтарына жіберілген еді, бұл туралы Құранда былай деп айтылған: **«Ол (Аллаһ) оны Исраил ұрпақтарына елші етеді»** (Құран, 3:49). Інжілде де осындай сөздер бар. Ал орыс жеріне христиандық дін 10-ғасырдың аяқ жағында ғана келді, яғни Иса (ғаләйһи сәләм) пайғамбар болып жіберілгеннен мың жыл кейін.

ҚАСИЕТТІ КІТАПТАР

Елшілердің түгелдей барлығы дұрыс наным-сенімдердің бірдей, берік, мызғымайтын негіздері мен ортақ адамгершілік принциптерін қамтыған таза бірқұдайшылық дінімен жіберілген болатын. Бірақ әрбір елші белгілі бір халыққа белгілі бір уақыт мерзімінде жіберілген болғандықтан, олардың алып келген қоғамдық қарым-қатынастар мен ғибадаттың нақты түрлеріне қатысты тәжірибелік заң ережелері (яғни шариғаттары) түсірілген уақыты мен орынына байланысты бір-бірінен ерекшеленетін.

Діннің тәжірибелік заң ережелеріне (шариғатқа) келер болсақ, кезікті елшінің келуімен әрі жаңа Кітаптың түсуімен, бұрыңғы шариғат ережелерінің күші не толығымен жойылатын, не олардың құрамына тиісті өзгерістер енгізілетін.

Қасиетті Құранда Инжіл түсірілген Иса пайғамбардың яһудилерге: **«Сондай-ақ сендерге менен бұрыңғы Тауратты растаушы, әрі Раббыларыңнан сендерге харам етілген кей нәрселерді халал ететін аят алып келдім. Аллаһтан қорқыңдар да, маған бой ұсыныңдар»**, - дегені айтылған (Құран, 3:50).



Дәл сондықтан да соңғы пайғамбар - Мұхаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) келуімен әрі соңғы Қасиетті Кітап - Құранның түсуімен бұрынғы Кітаптардағы барлық заң-ережелердің күші не толығымен не ішінара жойылды.

Аллаһ Тағала бұған Қасиетті Құранда былай деп нұсқаған: **«Біз саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы Кітаптарды растаушы және оларға қорғаушы (куәгер)³ түрінде түсірдік. Олар арасында Аллаһтың түсіргенімен үкім ет. Өзіңе келген ақиқаттан бұрылып, олардың әуес-қалауларына ілеспе! Сендердің әрбіреулеріңе Біз заң және жол орнаттық»** (Құран, 5:48).

³ Құранда «мухаймин» сөзі қолданылған, әрі оның негізгі мағыналары:

1. Куәгер.
2. Аманат ретінде тапсырылған белгілі бір нәрсені қорғап-сақтаушы.

Яғни Қасиетті Құран өзінен бұрынғы Кітаптарда түсірілгеннің шындық екеніне куә болады әрі олардағы бұрмаланған нәрселерді шынайы қалпында түсіріндіреді.

Қасиетті Құран деген не?

Құран - бұл Аллаһ Тағала Жәбірейіл арқылы Мухаммад Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жиырма үш жыл бойы түсірген Оның Сөздері.

Ұлы аят-белгі

Қасиетті Құран Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлығына Қиямет Күніне дейін күәлік ететін ең ұлы аят-белгі болып табылады.



Аса Жоғары Аллаһтың Өзі Құранды өзгеріссіз күйде сақтайтынына кепілдік беріп, былай деді: **«Расында, біз Зікірді түсірдік әрі Біз оны сақтап қорғаймыз»** (Құран, 15:9).

Демек, Құранның ерекше, оған ғана тән сипаттарының бірі - оның сақталуына Аллаһ Тағаланың Өзі кепілдік бергені. Ал одан алдығы Кітаптарға келер болсақ, оларды Аллаһтан жеткізген елшілер қайтыс болған соң, олардың сақталуы адамдардың өздерінің міндетіне жүктелген еді, бірақ олар мұны орындай алмады.

Қасиетті Құранның түсірілгеніне он төрт ғасырдан астам уақыт өтті, бірақ бұған қарамастан, екінші Құран сол бойы пайда болған жоқ, ал Кітаптың өзіндегі бірде-бір әріп өзгермеді.

Бұдан қалса, миллиондаған мұсылмандар Қасиетті Құранды жаттап алып, оны ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп жеткізіп келуде.

Ұлы шақыру

Қасиетті Құран арабтардың шешендік өнері мен поэзиясы өз шыңына жеткен, әрі олар көпшілік жиналыс орындарында нақышты поэмаларын оқу бойынша өзара жарыстар өткізетін кезеңде таза араб тілінде түсірілді.⁴

Әрі Құран шындығында да адамның ойдан шығарған туындысы емес, әлемдердің Раббысының жолдауы болып табылатынына дәлел ретінде Аллаһ Тағала бүкіл адамзатқа - олардың арабтарына да, араб еместеріне де - олар ешқашан Құран сияқты ешнәрсе ойдан шығара алмайтынын әрі тіпті бір сүре ойлап шығаруға дәрменсіз екенін жариялап, оларға егесті үндеу тастады.

Аллаһ Тағала былай деді: **"Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де соған ұқсаған бір сүре келтіріңдер, әрі Аллаһтан өзге көмекшілеріңді шақырыңдар, егер сөздерің рас болса".**

⁴ Осы күндері Таурат және Інжіл деп аталатын мәтіндер - бұл әртүрлі замандарда бір тілдерден екіншілеріне жасалған аудармалар тізбегінің нәтижесі. Ал Құранға келер болсақ, оның мағыналарының аудармалары тікелей тұпнұсқадан, яғни ол түсірілген араб тілінен жасалды.

Содан соң Ол ешкім ешқашан Қасиетті Құранға тең ешнәрсе жасай алмайтынын былай деп айтады: **«Әрі егер оны істемесеңдер, ал сендер оны сірә істей алмайсыңдар, онда отыны адамдар мен тастар болатын кәпірлер үшін әзірленген Оттан қорқыңдар!»** (Құран, 2:23-24).

Кемел сөз саптауы

Қасиетті Құран 114 бөліктерден (сүрелерден) тұрады. Олардың әрқайсысы өзінің дара, өзге сүрелерден ерекшеленетін тілдік стилінде түсірілген. Сонымен бірге кез-келген сүре өзінің мағынасы бойынша басқасымен таңғажайып үйлесімділікпен байланысқан.

Бұдан қалса, бір сүренің құрылымдық бірліктері де (яғни аяттары) бір-бірімен қайталанбайтын байланыста келген.

Осының барлығы тұтас алғанда Қасиетті Құранда тілдік тұрғыдағы кемістіктер де, мағыналық келіспеушіліктер де жоқ екенін, әрі ол үздік, теңдесі жоқ үйлесімдік пен ғажайып ұйқасқа толы екенін айқын түсінуге алып келеді.

Аса Жоғары Аллаһ Қасиетті Құранда осыған нұсқап былай дейді: **«Олар Құран туралы ойланбайды ма? Егер ол Аллаһтан басқадан болғанда, олар одан көптеген қайшылықтар табар еді»** (Құран, 4:82).

Сөйтіп, Құранды араб тілінде оқитын немесе оның мағыналық аудармасын оқитын адамда, бұл - адамның туындысы емес, әлемдердің Раббысының Сөзі екендігіне ешқандай күмән қалмайды.

ИСЛАМ ДІНІ

«Ислам діні» деген сөз екі мағынада айтылуы мүмкін.

Бірінші мағынасына сәйкес, Ислам — бұл Жалғыз Раббыға бағыну және оған мойынсұнып берілу, әрі осы тұрғыдан ол - барлық пайғамбарлар мен елшілердің діні, оларға Аллаһтың сәлемі болсын.

Бұл туралы Аллаһ Қасиетті Құранда былай дейді: **«Расында, Аллаһтың алдындағы дін - Ислам»** (Құран, 3:19).

Аллаһ Өзінің пайғамбары Ибраһим туралы: **"Ибраһим яһуди де, христиан да болған емес. Ол ханиф, мұсылман еді, әрі ол көпқұдайшылдардан емес еді"** (Құран, 3:67).

Екінші мағынаға сәйкес, Ислам — бұл Мұхаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жіберілген дін.

Аллаһ Тағала былай деді: **"Бүгін діндеріңді толық еттім және нығметімді тамамдадым, сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым"**(Құран, 5:3).

Ислам діні негізделетін екі қайнаркөз - бұл Қасиетті Құран және Мұхаммад Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған жасаған егжей-тегжейлі түсіндірмесі, әрі ол Сүннет деп аталады⁵.

Бұл қайнаркөздің екеуін де Аллаһ Тағала бұрмалаудан және жойылып кетуден сақтап, біздің кезімізге дейін алғашқы кейіптерінде жеткізді.

⁵ «Сүннет» сөзі араб тілінен аударылғанда "жол" дегенді білдіреді, бірақ діннің қайнаркөзі ретінде қолданылатын "Сүннет" сөзімен Мұхаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құранды не сөзімен, не ісімен, не сахабаларының істерін мақұлдауымен жасаған егжей-тегжейлі түсіндіруі меңзеледі.

Ислам — бұл наным-сенімді, ғибадат түрлерін, қоғамдық және отбасылық қарым-қатынастарды түсіндіруден бастап, қажетті өтеу этикасына дейінгі адам өмірінің түгелдей барлық салаларын қамтитын таңғажайып дін.

Ислам — Бірқұдайшылық діні

Өзінің мән-мазмұны бойынша Ислам таза бірқұдайшылық діні болып табылады, өйткені тек Аса Жоғары Жаратушы ғана жаратылыстардың Оған құлшылық етуіне құқықты.

Аллаһ — Ол ең көркем есімдер мен ең кемел сипаттарға ие Аса Құдіретті Жаратушы әрі шексіз билікті Ие (Патша). Ол Пәк әрі бүкіл кемшіліктерден алыс.

Ол жалғыз Өзі Өз иелігін қалай қаласа солай басқарады, әрі ешкімге және ешнәрсеге мұқтаж емес, әрі, демек, Оның ешбір серігі де жоқ, және Оған көмекшілер де, ата-ана да, балалар да қажет емес. Керісінше, барлық нәрсе Оның ғана мейірімімен бар болып тіршілік етуде. Ол — бүкіл болмыстың Раббысы, әрі осы болмыс толығымен Оған мұқтаж.

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда осы ақиқатқа нұсқап былай дейді: **«Өй адам баласы! Сендер Аллаһқа мұқтажсыңдар. Ал Аллаһ Ол (ешнәрсеге мұқтажсыз, әр нәрседен мұңсыз) Бай, өте Мақтаулы!»** (Құран, 35:15).

Өзінің елшісі Иса мен оның анасы Мариям туралы (олардың екеуіне де Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһ былай дейді: **«Мариям ұлы Масих елші ғана еді. Оған дейін де елшілер болған, ал оның анасы ең шыншыл әйел болатын. Олардың екеуі де тамақ жейтін. Ендеше, Біз оларға Өз аяттарымызды қалайша баяндайтынымызға қарашы. Содан кейін олар нендей ақиқаттан бет бұратынына қара»** (Құран, 5:75).

Аллаһ Тағаланың **«Олардың екеуі де тамақ жейтін»** дейтін сөздерінде олардың тамақ жеуге мұқтаж болғандарына нұсқау бар, ал әлдебір нәрсеге мұқтаж болатын біреу оған басқалардың құлшылық-ғибадат етуіне лайықты емес.

Аллаһ — Ол махаббат және ұлықтаумен, қорқу және үмітпен, үрей және тағзыммен құлшылық жасалатын Жаратушы.

Ол Өзінің жаратылыстарына өте жақын әрі, жердегі әміршілерден ерекше, ешқандай дәнекерлер мен көмекшілерге мұқтаж емес.

Аллаһ Тағала бұл туралы былай дейді: **«(Мухаммад,) егер құлдарым сенен Мен туралы сұраса - өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше, олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған иман келтірсін. Әрине тура жол тапқан болады»** (Құран, 2:186).

Басқаша айтқанда, ислам діні жаратылыстардың өз Жаратушысына тікелей дәнекерлерсіз дұға-құлшылық етуіне құрылған. Ал бұл өз кезегінде Аллаһпен бірге басқа кез-келген нәрсеге әрі кез-келген біреуге: мейлі ол қасиетті пайғамбарлар, немесе періштелер, немесе әулиелер, немесе пұттар, немесе кез-келген басқа нәрселер болсын - құлшылық етуді жоққа шығарады.

Ислам — тазалық діні

Ислам діні ішкі тазалыққа да, сыртқы тазалыққа да өте үлкен маңыздылық береді.

Ішкі тазалық - бұл жанның күнәлар мен бұзақылықтардың ластығынан таза болуы. Бұл туралы Аллаһ Тағала: **«Оны (өз нәпсісін) тазартқан - жетістікке жетті»**, - деп айтады (Құран, 91:9).

Ол тағы да былай деді: **«Аллаһ сендерге ауыртпашылықты қаламайды. Бірақ сендерді тазартуды, сондай-ақ шүкірлік етулерің үшін, сендерге нығметтерін тамамдауды қалайды»** (Құран, 5:6).

Сонымен бірге Ислам діні сыртқы тазалыққа да үлкен маңыз береді. Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Тазару иманның жартысы»**, - деген (қ-з: «Сахих әл-Муслим», 223). Бұған тазалықтың екі түрі де: сыртқы және ішкі тазалық кіреді.

Бұдан қалса, Ислам ластық немесе ұнамсыз иістер, т.с.с. адамға жағымсыздық немесе зиян келтіретін барлық нәрседен аулақ болуға үндейді.

Сондықтан да Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Кім осы өсімдіктен - яғни сарымсақтан - жеген болса, мешітімізге жақындармасын әрі сарымсақтың жағымсыз иісімен бізге ыңғайсыздық келтірмесін»**, - деген (қ-з: «Сахих әл-Муслим», 562).


Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сөздерінде мұсылман адам басқа адамдарға, әсіресе көпшілік жиналатын орындарда, жағымсыздық келтіретін барлық нәрселерден аулақ болуға міндетті екендігіне нұсқау бар.

Ислам — мейірімділік діні

Аллаһ Тағала «әр-Рахман» (шексіз мейірімге ие Аса Мейірімді) деген көркем Есімге ие болғандықтан, бұл діннің негізгі сипаттарының біріне мейірімділік жатады.

Аса Жоғары Аллаһ Қасиетті Құранда: **«Біз сені (я Мухаммад) әлемдер үшін мейірім ретінде ғана жібердік»**, - деген (Құран, 21:107).

Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп өсиет еткен: **«Жердегілерге мейірімді болыңдар, сонда сендерді аспандағы (Аллаһ) мейіріміне бөлейді»** (қ-з. «Сунан Аби Дауд», 4941).



Бұл сөздерде мұсылман адамның іс-амалдары Аллаһтың жаратылыстарына мейірімді болу деген ұлы сипатқа негізделуі керек дегенге нұсқау бар.

Ислам — әділдік діні

Аллаһ Тағаланың Көркем Есімдеріне «Әл-Ғәдл» (Аса Әділ) деген есімі де жатады, әрі сондықтан да Оның хақ дінінің тағы бір негізі - әділдік болып табылады.

Қасиетті Құранда былай деп айтылған: **«Ақиқатында, Аллаһ әділдікті, игілік жасауды және жақындарға қарайласуды бұйырады. Әрі Ол арсыздықтан, айыпты істерден және зұлымдықтан тыяды. Ол сендерге насихат береді. Бәлкім ұғып-түсінерсіңдер»** (Құран, 16:90).

Құранда сондай-ақ былай деп айтылған: **«Әй иман келтіргендер! Аллаһ үшін куәлікте туралық үстінде мықты тұрыңдар. Және бір елдің өшпенділігі сендерді әділсіздікке тартпасын. Әділдік істендер. Сол тақуалыққа жақынырақ. Және Аллаһтан қорқыңдар. Күдіксіз, Аллаһ не істегендеріңнен толық хабардар»** (Құран, 5:8).

Мұсылман адам өзінің істері мен сөздерінде Аллаһтың жаратылыстарына әділетті болуға міндетті, әрі оларға зұлымдық жасауына болмайды.



Ислам — даналық діні

Аллаһ Тағаланың басқа бір Көркем Есімі - «Әл-Хақим» (Аса Дана), әрі ол Ислам дінінің негіздеріне даналық та жататына нұсқайды.

Аса Жоғары Аллаһ былай деді: **«Расында, Аллаһ мүминдерге қамқорлық етіп, оларға өздерінің ішінен оларға Аллаһтың аяттарын оқитын, оларды тазартатын және оларға Кітап, даналық-хикмет үйрететін Елші жіберді. Өйткені олар бұрын ашық адасуда еді»** (Құран, 3:164).

Ол сондай-ақ былай деді: **«Ол (Аллаһ) қалаған құлына даналық-хикмет береді. Ал кімге даналық берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады»** (Құран, 2:269).

Мұсылман адам өз іс-әрекеттерінде көрегенді болып, салдары жаман болуы мүмкін шешімдер қабылдамауы керек.

Ислам — игілік діні

Бұл негіз мұсылман адамның іс-әрекеттерінің игі болуы керектігіне нұсқайды. Әрі бұл екі жақтан көрініс табады:

Біріншіден, іс-әрекеттің өзі игі болуы қажет, өйткені Ислам "Игі мақсатқа қол жеткізудегі кел-келген құрал ақталады" деген ережені теріске шығарады .

Пайғамбарымыз Мухаммад, оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын былай деген: **«Расында, Аллаһ Игі, әрі Ол игі болғаннан басқа ешнәрсені қабыл етпейді»** (қ-з: «Сахих Мұслим», 1015).

Екіншіден, іс-әрекеттің нәтижелері де игі болуы керек, өйткені жақсы болып көрінетін нәрсе барлық жағдайда мақтаулы нәтижеге алып келе бермейді. Уақытты, орынды және жағдаяттарды ескеру қажет, ал бұл, өз кезегінде, осыдан бұрынғы аталып кеткен "даналық" деген негізге тікелей қатысты болып табылады

Аталған нәрселердің барлығынан кейін мұсылман адамның жоғарыда келтірілген негіздерге қайшы келетін кез-келген іс-әрекетінің Исламға ешқандай қатысы жоқ екені айқын болады.

Бұдан қалса, ондайды жасайтын адам өз дініне қарсы шыққан надан болып табылады, өйткені Ислам адамның жеке басына да, жалпы қоғамға да кемел игілік алып келеді⁶.

Ислам — құқықтарды қорғау діні

Ислам — бұл Аллаһ Тағаланың жаратылыстарының барлығының, тіпті жануарлардың да құқықтары қатаң түрде қорғалатын әрі адамдардың өзара қарым-қатынасындағы рұқсат етілетін нәрселердің шекарасы нақты белгіленген дін.

Аса Жоғары Аллаһ Қасиетті Құранда былай деп айтады: **"Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық жасауларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе, оларға: "Түһ", - деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуін зекіме, әрі оларға сыпайы сөз сөйле. Оларға кішірейіп мархамет құшағыңды жай да: "Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымда тәрбиелегені үшін, Сен де оларды мархаметіңе бөлей көр!", - де. Раббыларың іштеріңдегі нәрселерді жақсы біледі.**



Егер игілерден болсаңдар, негізінде Аллаһ Өзіне тәубе етіп жалбарынамын дегендерді жарылқайды. Туысқанға, міскінге, жолда қалғанға қарайлас. Және мүлде ысырап қылма" (Құран, 17:23-26).

Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Расында, Рабыңның сенде қақысы бар, әрі нәпсіңнің де сенде қақысы бар, әрі отбасыңның да сенде қақысы бар, ендеше олардың әрқайсысына өз қақысын бер»**, - деп айтқан (қ-з: «Сахих әл-Бухари», 1968).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге адамдардың өзара қарым-қатынасы соларға негізделіп құрылатын жалпы ережелерді үйретіп, былай деді: **«Кім Жәннатқа кіруді әрі Тозақтан құтылуды қаласа, өзіне өлім жеткенде Аллаһқа және Қиямет Күніне иман келтірген болсын, әрі адамдар оған қандай қатынас жасауын қаласа, оларға да сондай қатынас жасасын»** (қ-з: «Сахих Муслим», 1844).

Ислам — бес құндылықты сақтап-қорғау діні

Ислам — бұл адамдардың тіршілік етуі үшін қажетті болған бес нәрсеге қол сұғылмауды қорғайтын дін, өйткені оларда бұл дүние мен Ақыреттің игіліктері қамтылған.

1) Адамның діні.

Осы негіз арқылы адам өзінің Жаратушысының қахары мен жазалауынан құтылады әрі мәңгі өмірде жетістікке қол жеткізеді.

Біз Қасиетті Құранды оқыған кезімізде кездесетін алғашқы бұйрық - бұл Оның: **«Әй адамдар! Сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа ғана құлшылық етіңдер, бәлкім өздеріңді (жазадан) қорғарсыңдар»**, - деген сөздері (Құран, 2:22-23).

Осы себепті де Ислам діни құндылықтардың қорғалуына қамқорлық жасайды әрі мұсылман адамға ол өз дінін толыққанды ұстануына қажетті болған барлық мүмкіндіктерді береді.

2) Адамның өмірі.

Адамның өмірі Ислам көзқарасы тұрғысынан қол сұғылмайтын құндылық болып табылады. Бұдан ерекшеленетін бір ғана жағдай - қол сұғылмайтын құндылықтарға қастандық жасап, мысалы, басқа адамды жазықсыз өлтіріп, қасақана заңды бұзған біреудің шариғи тұрғыдан лайықты жазаға тартылуы.

Аса Жоғары Аллаһ Қасиетті Құранда былай деген: **«Аллаһ өлтіруге тыйым салған жанды өлтірмеңдер, тек (шариғат заңымен) қақылы түрде болса ғана»** (Құран, 17:33).

Ол сондай-ақ былай деді: **«Өздеріңді өздерің (яғни біріңді бірің және өздеріңді өздерің) өлтірмеңдер, өйткені Аллаһ сендерге мейірімді»** (Құран, 4:29).

Әрі Ислам басқа адамды өлтіруге тыйым салатыны сияқты, адамның өз өзіне қол жұмсап өлтіруіне де тыйым салады. Бұған жоғарыда келтірілген Құран аяты мен Аллаһ Тағаланың: **«Өздеріңді өздерің өлімге тастамаңдар»**, - деген сөздері нұсқайды (Құран, 2:195).

3) Адамның ақылы.

Ислам адамның ақылына қарсы бағытталататын кез-келген қылмысты тыйым салады, сондықтан да ақылды есенгірететін кез-келген затты қабылдауға тыйым салынады.

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Әй иман келтіргендер! Арақ-шарап, құмар ойындар, тігілген тастар (бұттар) және бал ашатын оқтар лас, шайтанның істерінен. Олардан сақтаныңдар, құтыларсыңдар»** (Құран, 5:90).

Пайғамбарымыз Мухаммад, Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын: **«Мас ететін барлық нәрсе харам (тыйым салынған)»**, - деген (қ-з: «Сахих Муслим», 2003).

4) Адамның ар-намысы.

Бұл ең дана дін адамның ар-намысына кел-келген қол сұғуға тыйым салады. Сондықтан да Аса Жоғары Аллаһ: **"Зинаға жоламаңдар. Өйткені ол анық арсыздық және жаман жол"**, - деген (Құран; 17:32)

Исламда адамның ар-намысын тікелей қаралайтын зина жасаудың өзі ғана емес, алайда оған келтіретін барлық нәрсеге тыйым салынатынын атап кеткен жөн болады. Мысалы, бөгде әйелге шақуатпен қарау, немесе әйел кісінің өзгелердің шақуатын қоздыратын және өрескел, ұятсыз киім киюі.

Аллаһ Тағала бұл туралы Құранда былай деп ескерткен: **«(Мухаммад) мүміндерге айт: (бөгде әйелдерге қараудан) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Бұл олар үшін өте жақсы. Рас, Аллаһ олардың не істегендерінен хабардар. Мүмин әйелдерге де айт: "(Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өздігінен көрінгендері басқа. Және де көрінбейтін зейнеттерін басқаларға білдіру үшін аяқтарын ұрып жүрмесін. Әй мүминдер, түгел Аллаһқа тәубе етіңдер! Әрине, құтыларсыңдар»** (Құран, 24:30-31).

5) Адамның мал-мүлкі.

Адамның мал-мүлкі де, оның діні, өмірі және ар-намысы сияқты, Исламның қорғауында болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Әй мүміндер! Өзара мал-мүліктеріңді қақысыз жемендер. Бірақ өз ризалықтарыңмен саудаласу басқа»** (Құран, 4:29).

Аса Жоғары Аллаһтың **«Өзара мал-мүліктеріңді қақысыз жемендер»** деген сөздері Ислам өзгенің мал-мүлкін әділетсіз иемденуге тікелей тыйым салатынына нұсқайды.

Осы негізден сондай-ақ өз мал-мүлкіңді де бос ысырап етуге тыйым салынғандық келіп шығады.

Сондықтан-да Аллаһ Тағала құмар ойындарына тыйым салып, былай деді: **«Әй иман келтіргендер! Арақ-шарап, құмар ойындар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар лас, шайтанның істерінен. Олардан сақтаныңдар, құтыларсыңдар»** (Құран, 5:90).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Исламдағы барлық тыйымдар мен жазалар түгелімен аталып кеткен бес ұлы негізді қорғау үшін орнатылған деп айтуға болады, өйткені адамның және қоғамның өмір сүруі оларсыз толыққанды болуы мүмкін емес.

Осы айтылғанның барлығы - Ислам діні өзіне қамтыған тазалық, даналық және ұлылық теңізінен бір тамшы ғана. Бұл дін өз болмысымен Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлемдердің Раббысының хақ пайғамбары екеніне бұлтартпас және мызғымас дәлел болып табылады.

Кез келген әділетті адам Исламды терең зерттесе, оның бойында бұл ілімді көктер мен жердің Жаратушысы түсіргеніне және сақтағанына тозаңдай күмәні қалмайды.





ҮШІНШІ НЕГІЗ: ЕСЕП КҮНІ



Аса Ұлы Жаратушының бар екенін шындық ретінде мойындаған әрі Ол адамдарға Өз елшілерін айқын басшылықпен және кемел заңдармен жібергеніне иман келтірген кез-келген ақыл-парасатты адам, тура сол сияқты Аса Құдіретті әрі Дана Раббымыз адамдарды істеген амалдары үшін есеп алу үшін қайта тірілтетініне, әрі содан соң қылмыскерлерді жазалап, ізгілерді марапаттайтынына да иман келтіруі керек.

Тіршілік етуіміздің мақсаты

Аса Жоғары Аллаһтың Өзі Қасиетті Құранда біздің тіршілік етуіміздің мақсатына нұсқап, былай деді: **«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етуілері үшін ғана жараттым»** (Құран, 51:56).

Бұл аятта біздің тіршілік етуіміздің мақсаты Аллаһ Тағалаға құлшылық ету болып табылатынына, әрі ол адам өмірінің барлық салаларын қамтуы керек екеніне нұсқау бар. Өйткені тек Ол ғана - Толық Ие - Өз жаратылыстарын басқаруға, оларға бұйырық беруге және тыйым салуға құқықты.

Құлшылық-ғибадаттың негізінде Аса Жоғары Раббыға мойынсұну жатқандықтан, демек, адамның бұл дүние мен Ақыретте игілікке қол жеткізуі оның иманынына және ізгі-салиқалы амалдар жасауына тәуелді болады.

Қасиетті Құранда былай деп айтылады: **«Бүкіл билік қолында болған Аллаһ аса Ұлы, әрі Ол барлық нәрсеге Құдіретті. Ол (Аллаһ) сендердің қайсыларың ізгі амадары бойынша жақсырақ екенін сынау үшін өлім мен тіршілікті жаратты. Ол тым Үстем, аса Жарылқаушы»** (Құран, 67:1-2).

Аллаһ Тағала дүниелік өмірдің мәнін ашып көрсететін мысал келтіріп, былай дейді: **«Оларға дүние тіршілігі туралы мысал келтір. Ол (дүние тіршілігі) Біз көктен түсірген жаңбыр арқылы жердің өсімдіктері бір-біріне араласып, құлпырып, содан кейін құрғақ үгіндіге айналып, оны желдер ұшырып кеткен тәрізді.**

Расында, Аллаһ әр нәрсеге үстем күш иесі. Мал-мүлік пен балалар - дүние тіршілігінің сәні. Ал мәңгі қалатын жақсылықтар болса, Раббыңның алдында сыйы бойынша жақсырақ, әрі соларға үміт артқан жақсырақ» (Құран, 18:45-46).

Адамның амалдары

Бұл өмір адамдардың қайсысы амалдары бойынша жақсырақ екендігіне сынақтан өту жазылған уақытша мекен болғандықтан, адам өзінің жақсы немесе жаман амалдарынан ешнәрсе ұмытылмайтынын әрі жоғалып кетпейтінін білуі керек.

Сонымен бірге ол Аса Жоғары Раббының барлық жаратылыстары Оның тұрақты бақылауының астында екенін, әрі Ол олардың барлығын Өзінің бүкіл нәрсені қамтитын Білімімен қамтығанына мығым сенуі керек.

Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, Аллаһ сендерді бақылаушы»** (Құран, 4:1).

Басқа аятта Аллаһ Өзінің пайғамбары Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) былай деп дұға еткенін айтқан: **«Раббымыз! Сен біздің жасырғанымызды да, жария ететінімізді де білесің. Жерде де, көктерде де ешнәрсе Аллаһтан жасырын емес»** (Құран, 14:38).

Ұлы есеп күнін сипаттап Аллаһ Тағала былай деп айтады: **«Ғамал дәптері алдарына қойлады. Сонда күнәхарлардың одан қорыққанын көресің. Олар: “Бізге нендей өкініш! Мына кітапта кішкенені де, үлкенді де тастамай түгендепті”, - дейді. Сондай-ақ олар істегендерін өз алдарында табады. Раббың ешкімге әділетсіздік жасамайды»** (Құран, 18:49).

Мәңгі өмірге иман келтіру

Аса Жоғары Аллаһ Қасиетті Құран Кітабында Ұлы есеп беру Күні келетіні әрі Ол Өзінің жаратылыстарының арасында әділдікпен үкім ететіні туралы айтады.

Жаратушымыз болатын мерзімін белгілеп қойған Бұл Күн міндетті түрде келеді, әрі оны кейінге кешіктіру мүмкін емес.

Құранда былай деп айтылады: **«Аллаһ адам баласын олардың зұлымдықтары себепті қолға алатын болса, жер жүзінде ешбір жәндік қалмас еді. Бірақ оларды белгілі бір мерзімге дейін кешіктіреді. Ал қашан олардың мерзімі келсе, олар оны бір сәтке кейіндете де, ілгерілете де алмайды»** (Құран, 16:61).

Мәңгі (Ақырет) өміріне деген иман үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады, олар:

1) Қайта тірілуге иман келтіру.

Аса Құдіретті Аллаһ Өзінің жаратылыстарын міндетті түрде қайта тірілтеді, өйткені Қасиетті Құранда былай деп айтылған: **«Аллаһқа қалайша күпірлік етесіңдер? Сендер өлі едіңдер, Ол сендерді тірілтті. Содан кейін Ол сендерді тағы өлтіреді. Соңынан қайта тірілтеді. Содан соң (Қияметте) Оның алдына қайтарыласыңдар»** (Құран, 2:28).

Ол тағы да: **«Кәпірлер әсте қайта тірілмейміз деп ойлайды. (Мухаммад) оларға: "Жоқ, Раббыма ант етемін. Әлбетте өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер. Сосын сендерге не істегендерің баяндалады. Бұл Аллаһқа оңай", - де»** (Құран, 64:7).

2) Әділетті есеп болатынына иман келтіру.

Аса Жоғары Аллаһ Қиямет күні Өзінің пенделерінен әділетті есеп алады. Ол былай деді: **«Адам баласының есеп көретін мезгілі таяды. Алайда, олар қаперсіз бет бұруда»** (Құран, 21:1).

Ол сондай-ақ былай деді: **«Бүгін әркім істегені бойынша жазаланады. Бүгін зұлымдық болмайды. Күдіксіз, Аллаһ тез есеп көруші!»** (Құран, 40:17).

Ол Есеп алу күнін сипаттап тағы да былай деді: **«Қиямет күні әділет Таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай нәрсе болса да, оны әкелеміз. Есеп алуда жеткіліктіміз!»** (Құран, 21:47).

Ал Аллаһқа және Қиямет күніне иман келтірмегендер туралы айтар болсақ, онда Аллаһ Тағала олардың игі істері үшін бұл дүниенің өзінде сыйын береді, бірақ олардың мәңгі өмірлері үшін ешнәрсе қалдырмайды.

Сондықтан да Аллаһ Тағала Құранда былай деді: **«Кім дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, осы дүниедегі олардың еңбектерін толық береміз, әрі олар кемсітуге ұшыратылмайды. Бірақ оларға Ақыретте Тозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ. Олардың дүниедегі істегендері жойылып кетті, әрі істегендері зая болды»** (Құран, 11:15–16).

3) Жәннат пен Тозақ.

Жәннат бақтары - бұл Аллаһ Тағала ізгілер (салиқалы мүминдер) үшін сый ретінде әзірлеп қойған мәңгілік мекен.

Тозақ - жауыздар (пасық кәпірлер) үшін жаза ретінде әзірленген мәңгілік мекен.

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деп айтады: **«Сол күні Ол сендерді Жинау күні үшін жинайды. Міне, сол кімнің алданған екендігі ортаға шығатын күн. Кім Аллаһқа иман келтіріп, ізгі іс істеген болса, Аллаһ оның жамандығын жояды да, оны астарынан өзендер ағатын Жәннат бақтарына кіргізеді. Онда олар мәңгі қалады. Осы ұлы жетістік. Ал иман келтірмей, аяттарымызды жасынға айналдырғандар, міне, солар Тозақтық болып, онда мәңгі қалады. Ол нендей жаман орын!»** (Құран, 64:9–10).

Ол тағы да былай деген: **«Күдіксіз, аяттарымызды жасынға шығарып, өздерін олардан жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды. Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін Жәннатқа кірмейді. Күнәхарларды өстіп жазалаймыз. Оларға оттан төсек және үстерінде жамылғылар бар. Залымдарға осылайша жаза береміз. Ал иман келтіріп, ізгі іс істегендер, солар Жәннаттың тұрғындары болады, әрі сонда мәңгі қалады. Негізінде, Біз адам баласына оның шамасы келетінді ғана жүктейміз»** (Құран, 7:40-42).

ҚИЯМЕТ КҮНІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БОЛАТЫНЫНЫҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

Қасиетті Құранның ақиқат екендігіне мығым сенетін адам өлгеннен кейін өмір бар екеніне күмәнданбайды.

Сонымен бірге Аллаһ Тағала Мәңгілік өмірдің бар екендігіне ақыл дәлелдерін де келтіреді, өйткені олар арқылы күмәндар жойылып, адамның иманы күшее түседі.

Қиямет Күнінің болатындығына Қасиетті Құранда келтірілген ақыл дәлелдері төрт нәрсеге ұштасатынын атап кеткен жөн. Әрі олар келесідей:

Бірінші дәлел — *Аллаһ Тағаланың кемел даналығы, абсолюттік әділдігі әрі барлық нәрсеге шексіз құдіреттілігі:*

Кемел даналығы

Тек Аллаһ Тағала ғана кемел, ешбір кемшіліксіз сипаттарға ие, сондықтан да Ол әлдебір нәрсені бостан-босқа ермек үшін істеуден пәк. Аллаһ бұл дүниені адамзат үшін, олар оның жемістерін Ақырет өмірінде көретін егін ретінде жаратты. Аллаһ былай деді: **«Көктерді де, жерді де, әрі ол екеуінің арасындағы нәрселерді де ойыншық қып жаратпадық. Екеуін де ақиқат бойынша жараттық. Бірақ олардың көбі білмейді»** (Құран, 44:38-39).

Басқа аятта былай деп айтылған: **«Шынында да Біз сендерді босқа жараттық та, тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?. Шынайы Патша Аллаһ барлық нәрседен жоғары. Одан басқа шынайы құдай жоқ. Ол ардақты Аршының Раббысы»** (Құран, 23:115-116).

Абсолюттік әділдігі

Аллаһ Тағаланың кемел сипаттарына Оның абсолюттік әділдігі де жатады. Ал осыдан Оның қылмыскерлерді жазасыз қалдырмайтыны әрі бұзықтарды ізгілермен бірдей етпейтіні және әркімге лайықты жазасын немесе сыйын беретіні келіп шығады.


Аллаһ Тағала былай дейді: **"Бой ұсынушыларды күнәкарлардай етеміз бе? Сендерге не болды, қалай үкім етесіңдер?!"**» (Құран, 68:35–36).

Ол тағы да былай деді: **«Көк пен жерді әрі екі арасындағыларды босқа жаратпадық. Ол күпірлік еткендердің ойы. Сондықтан оттан азап болатын кәпірлерге нендей өкініш! Немесе иман келтіріп, ізгі іс істегендерді жер жүзіндегі бұзақылардай қыламыз ба?!»** (Құран, 38:27–28).

Бүкіл нәрсеге шексіз Құдіреттілігі

Аллаһ Тағаланың кемел сипаттарынан - абсолюттік құдіреті, демек, Ол болдыра алмайтын нәрсе жоқ.

Қасиетті Құранда былай деп айтылады: **"Шын мәнінде, Ол бір нәрсенің болуын қаласа, Оның бұйырығы оған: "Бол!" - деу, сонда ол бола қалады"** (Құран, 36:82).



Аллаһ тағы да былай деді: **«Сендердің жаратылуларың да, тірілтілулерің де бір-ақ кісідей ғана. Расында, Аллаһ Аса Естуші, Тым Көруші»** (Құран, 31:28).

Екінші дәлел — *Қайта жарату алғаш рет жаратудан жеңіл.*

Сонымен қатар Аллаһ Тағала бізге біз жиі жағдайда көңіл бұрмайтын нәрсеге нұсқайды, ал бұл - адамның қайта жаратылуы. Яғни адамды алғашында жоқтан бар етіп жаратқан Аллаһқа оны қайта жарату еш қиынға соқпайды, өйткені әлдебір нәрсені қайта жасау оны алғаш рет жасаудан жеңілірек.

Аллаһ Тағала былай деп айтады: **«Ол (адам) өз жаратылысын ұмытып, Бізге: "Міне, шіріген сүйектерді кім тірілтеді?", - деді. (Мухаммад): "Оны алғашында Жаратқан тірілтеді. Ол әрбір жаратылысты біледі", - деп айт»** (Құран, 36:78–79).

Ол тағы да былай деді: **«Ол (Аллаһ) жаратыстарды алғашында (жоқтан бар етіп) жаратады, сосын оларды қайта жаратады. Бұл Оған оңай. Әрі көктер мен жердегі ең жоғары сипаттар Оған тән. Ол Өте Үстем, Аса Дана»** (Құран, 30:27).

Ол тағы да былай деді: **«Адам баласы бос қоя берілеміз деп ойлай ма? Ол (жатырға) тамызылған бір тамшы (мәни) емес пе еді?**



Сосын ол ұйыған қан болды. Сонда Аллаһ оны жаратып бейнеледі. Ол одан ер мен әйел етіп екі жыныс жаратты. (Ендеше) Оның өлілерді қайта тірілтуге күші жетпей ме?!» (Құран, 75:36–40).

Алайда "жеңілірек" деген ұғым Аллаһ Тағала қатысты тек адам ақылына өлгендерді қайта тірілтуге деген күмән орынсыз екенін түсіндіру үшін ғана қолданылғанын атап кету керек, өйткені Аса Жоғары Аллаһ үшін алғаш рет жарату да, қайта тірілту де еш қиын болып табылмайды.

Аллаһ былай дейді: **«Сендердің жаратылуларың да, тірілтілулерің де бір-ақ кісідей ғана. Расында, Аллаһ Аса Естуші, Тым Көруші»** (Құран, 31:28).



Үшінші дәлел — *Көктер мен Жердің жаратылуы.*

Үлкендігін елестету мүмкін емес болған Көктер мен Жерді Өзінің шексіз құдіретімен жаратқан (Аллаһ) адамды қайта тірілтуге күмәнсіз құдіретті, өйткені оларды жарату адамды қайта тірілтумен салыстырғанда едәуір ұлы болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Әлбетте, көктер мен жерді жарату, адамдарды жаратудан зор. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді»** (Құран, 40:57).

Ол тағы да былай деген: **«Олар Аллаһтың көктер мен жерді жаратқанын әрі оларды жаратуда қажымағанын әрі Ол өлілерді тірілтуге шамасы келетінін көрмей ме? Әрине, Оның әр нәрсеге күші толық жетуші»** (Құран, 46:33).

Ол сондай-ақ былай деді: **«Сондай көктер мен жерді жаратқан Аллаһ олар сияқтыларды жаратуға күші жетпей ме? Әлбетте күші жетеді. Өйткені Ол барлық нәрсені Жаратушы, толық Білуші. Шын мәнінде, егер Ол бір нәрсенің болуын қаласа, Оның бұйырығы - оған: "Бол!" - деу, сонда ол бола қалады. Барлық нәрсенің билігі Қолында болған Аллаһ бүкіл кемшіліктен Пәк, әрі сендер Соған қайтарыласыңдар»** (Құран, 36:81-83).



Төртінші дәлел — өлі жерді тірілту.

Аллаһтың өлілерді қайта тірілтуі Оның өлі әрі құрғап кеткен жерге жаңбыр жаудырып, одан түрлі өсімдіктер мен ағаштар өсіріп шығарып тірілтетіні сияқты.

Қасиетті Құранда былай деп айтылған: **«Расында, жердің құрғап қалғанын көресің. Сонда Біз оған жаңбыр жаудырған мезгілде құлпырып көпсуі - Аллаһтың дәлелдерінен.**

Күдіксіз, оны тірілткен Аллаһ, өлілерді де тірілтеді. Өйткені Оның әр нәрсеге толық күші жетуші» (Құран, 41:39).

Құранда тағы да былай деп айтылған: **«Ол (Аллаһ) желдерді рахметінің (жаңбырдың) алдын ала қуантушысы етіп жібереді. Олар ауыр бұлттарды көтерген бойда, Біз оларды өлі (қағыр) бір жерге жіберіп, сонда ол арқылы жаңбыр жаудырып, сонымен әр түрлі жемістерді шығарамыз. Осылайша өлілерді де тірілтеміз. Әрине, үгіттенерсіңдер»** (Құран, 7:57).

Құрандағы қисынды дәлелдермен танысқан соң, ақыл-парасатты адамда Қиямет Күні бұлтартпас ақиқат екеніне ешқандай күмән қалмауы керек.


Адам өзінің істеріне үнемі жауапкершілікті сезінуін тоқтатпауы үшін, Құранда Қиямет күнінің оқиғалары туралы жиі әрі жан-жақты айтылады.

Бұның маңыздылығы туралы Аллаһ Тағала бізге түсірген ең соңғы аят былай деп нұсқайды: **«Сендер Аллаһқа қайтарылатын (сол) күннен қорқыңдар. Сол күні әркім өз істегендерінің сый-жазасын толығымен алады, әрі оларға зұлымдық жасалмайды»** (Құран, 2:281).





ҚОРЫТЫНДЫЛАР



Жоғарыда айтылғанның барлығы келесілерге нұсқайды:

Біріншіден, бүкіл болмыстың Жаратушысы — Ол шексіз-кемел байлық пен мұңсыздыққа ие, әрі сондықтан да ешкімге және ешнәрсеге мұқтаж болмаған Аллаһ Тағала.

Екіншіден, Аллаһ Тағала бүкіл жаратылыстың Жалғыз әрі толық билікті Иесі (Патшасы), және Ол оларды қалағанындай басқарады.

Үшіншіден, бүкіл болмысты Аса Құдіретті Аллаһ тек Өзіне ғана құлшылық етулері үшін жаратты, өйткені жаратушы, иелік етуші әрі басқарушы ғана құлшылыққа лайықты болып табылады.

Төртіншіден, Аса Жоғары Аллаһтың әрбір жаратылысы Оған толығымен мұқтаж болған Оның құлы болып табылады, өйткені ол Соның иелігінде өмір сүреді, әрі өзінің тіршілік етуінде Жаратушысы беретін ризыққа толық тәуелді.

Бесіншіден, ерікті түрде Аллаһ Тағаланың құлы болу - бұл ұлы абырой әрі игілік, өйткені керісінше болған жағдайда адам өзі сияқты әлсіз әрі мұқтаж жаратылыстардың, немесе өзінің арсыз әуес-қалауларының, немесе ол екеуінің де құлына айналады.

Алтыншыдан, Өзінің жаратылыстарына үздіксіз қамқорлық жасайтын Аллаһ Тағала оларға дүние мен Ақырет өмірінің ұлы игілігін қамтыған кемел басшылық түсірді.

Жетіншіден, дүниелік өмір уақытша ғана, әрі ол Мәнгілік өмірдің бастауы ғана - Аллаһ Тағала өз құлдарын есепке тарту үшін және оларға істеген амалдарына сәйкес сый-жазаларын беру үшін, оларды қайта тірілтіп, кемел мінсіз әділдікті қалпына келтіреді.

Аллаһтың елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің Раббысынан келесі сөздерді жеткізген: «Уа Менің құлдарым! Бұл сендердің амалдарың, әрі Мен оларды түгендеймін, және істегендеріңнің сый-жазасын беремін. Әрі кім (Қиямет Күні) өзі үшін игілік тапса, сол Аллаһқа шүкіршілік етсін, ал кім жазасын тапса, онда өзінен басқа ешкімді айыптамасын» (қ-з. «Сахих Муслим», 2577).



СОҢҒЫ СӨЗ



Бұл жолдау - Ислам діні құрылған үш ұлы негіздің: бірқұдайшылықтың, әлемдердің Раббысының жолдауының және есепке тарту мен ізінен болатын сый-жазаның - қысқаша түсіндірмесі.

Ислам — бұл бізге Аллаһ Тағала түсірген кәміл бірқұдайшылық діні. Оны тек тәкаппарланып, ақиқаттан бет бұратын адам ғана теріске шығарады.

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деп айтады: **«Жер жүзінде орынсыз түрде даңдайсынғандарды Өз аяттарымынан теріс бұрғызамын. Егер олар қандай аят-белгіні көрсе де, оған сенбейді. Сондай-ақ олар тура жолды көрсе, онымен жүрмейді. Ал егер адасу жолын көрсе, онымен жүреді. Бұл олардың аяттарымызды өтірік деп, олардан гапыл болғандықтарынан»** (Құран, 7:146).

Осы еңбек арқылы біз тек тура жолға нұсқай аламыз, ал жүректерді тура жолға салуға оларға толық иелік ететін Аллаһ Тағала ғана құдіретті.

Бірақ, десе де, ақиқатты тануды және соған ілесуді шын жүрегімен қалаған бола тұра, Әділ және Мейірімді Аллаһ оны тура жолға салмайтын және жүрегін иман нұрымен толтырмайтын адам жоқ.

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Өлі (опат етуші күпірлікте болған) біреуді тірілтіп (жүрегін иманмен толтырып), оған адамдардың ішінде сол арқылы жүретін жарық қылсақ, ол қараңғылықтарда қалып одан шыға алмайтын біреу сияқты бола ма?»** (Құран, 6:122).

Аллаһ Тағаладан Оның көркем Есімдері мен кемел Сипаттары арқылы осы еңбекті адамдар үшін пайдалы етуін сұраймыз.

Әлемдердің Раббысы Аллаһқа мадақ, Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына, сахабаларына, әрі тура жолға ілескендердің барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!



ЕСТЕЛІКТЕР ҮШІН





ЕСТЕЛІКТЕР ҮШІН



Издательский дом «Сафина»
Свидетельство ДК №5665 от 05.10.2017
г. Киев, ул. Ярославов вал, дом 13/2 Б
sa.inapublisher@gmail.com

Қазақ тіліне аударған:
"Абу Ханифа мирасы" сайтының
редакциясы